

№ 136 жалпы орта білім беретін мектептің шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының 2025 жылдың 7 қаңтар күнгі Дене шынықтыру пәні бірлестігінің №3 отырысының хаттамасы

Күні: 7 қаңтар 2025 жыл

Өткізілген орны: спортзал мұғалімдер бөлмесі

Қатысқандар: 13

Қатыспағандар: 0

Бірлестік жетекшісі: Танирбергенов М.Т.

Хатшы: Лутфуллаев И.

Күн тәртібі:

1. 2024–2025 оқу жылының I жартыжылдығы бойынша дене шынықтыру пәні бірлестігінің жұмысын қорытындылау.
2. Оқу бағдарламасының орындалу деңгейі мен сабақ сапасын талдау.
3. Ашық сабақтар мен әдістемелік шаралардың нәтижелерін қарастыру.
4. Қысқы спорт түрлеріне дайындық және қауіпсіздік ережелерінің сақталуы.
5. Оқушылардың жетістіктері мен спорттық белсенділігін бағалау.
6. Келесі жартыжылдыққа арналған міндеттер мен жоспарлар.

Тыңдалды:

Бірлестік жетекшісі Танирбергенов Мақсат I жартыжылдық бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді.

Оның айтуынша, бірлестік мүшелері бекітілген жоспарға сай жүйелі түрде жұмыс атқарған. Барлық сыныптарда оқу бағдарламасы уақытында орындалды, сабақ сапасы жоғары деңгейде сақталды.

Жетекші келесі жетістіктерді атап өтті:

- Сыныпаралық жарыстар спорттық сайыстар жарыстарына оқушылар белсенді қатысты;
- Мектепшілік спорт секциялары тұрақты жұмыс істеп тұр (футбол, волейбол, баскетбол, бес асық, тоғызқұмалақ);
- Бірқатар оқушылар аудандық жарыстарда жүлделі орындарға ие болды;
- Әр мұғалім өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, әдістемелік шеберлігін арттырды.

Сонымен қатар, жетекші кейбір мәселелерге назар аударды:

- Қысқы спорт түрлерін өткізу кезінде қауіпсіздік техникасына ерекше көңіл бөлу қажет;
- Спорттық құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі мен тозуын ескере отырып, жаңа жабдықтар сатып алу ұсынылды;
- Оқушылардың жеке жетістіктерін қадағалау және рейтинг жүйесін енгізу ұсынылды.

Талқыланды:

- Қуатбаев Қалдыбек қысқы сабақтарда денсаулық жағдайы әлсіз оқушылармен жеке жұмыс жүргізудің әдістерін ұсынды.
- Құлыбекова Гүлнар спорттық іс-шаралар мен жарыстардың нәтижелерін мектеп сайтында және әлеуметтік желілерде жариялауды ұсынды.

- Танирбергенов Мақсат екінші жартыжылдықта дене шынықтыру апталығы және «Көңілді старттар» жарыстарын ұйымдастыру идеясын айтты.
Барлық ұсыныстар қолдау тапты.

Қаулы:

1. 2024–2025 оқу жылының I жартыжылдығы бойынша дене шынықтыру бірлестігінің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қысқы спорт түрлерін өткізу барысында қауіпсіздік техникасын сақтау қатаң қадағалансын.
3. Оқушылардың спорттық жетістіктерін насихаттау мақсатында мектеп сайтында арнайы бұрыш ашылсын.
4. Әр мұғалім екінші жартыжылдыққа арналған жеке жұмыс жоспарын қаңтар айының алғашқы аптасында тапсыруы тиіс.
5. Бірлестік мүшелеріне оқушылардың дене дайындығын бағалау және есепке алу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу тапсырылсын.
6. Келесі отырыс ақпан айында өткізіліп, онда «Қысқы спорт түрлерін өткізу тәжірибесі мен қорытындысы» тақырыбы қарастырылсын.

Төраға: Танирбергенов М.Т.



Хатшы: Лутфуллаев И.

